

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Филология және көптілді білім беру институты

Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасы

Бекітемін

Филология және көптілді  
білім беру институтының  
директоры  
Б.Ә.Әбдіғазизұлы



«6M021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;

**Құрастырушылар:** п.ғ.д. проф. Ж.Қ.Балтабаева

Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № \_\_\_\_ хаттама, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_ Дәулетбекова Ж.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Филология және көптілді білім беру институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № \_\_\_\_ хаттама, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018 ж.

## **6M021300 –лингвистика мамандығына магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы**

Жоғарыдағы мамандықтар бойынша магистратураға түсушілерден тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесін және тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы жайлы және тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен дамуы жайында, тілдің лексикология, фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис мәселелерін жетік білуін талап етеді. Осы мақсатты көздеген бағдарлама тақырыптары кәсіби пәндердің міндетті компоненттеріне енетін «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Қазіргі қазақ тілінің салалары» пәндерінің типтік бағдарламаларының негізінде жасалды.

**Тіл білімінің мәселелері.** Тілдердің генеологиялық және типологиялық классификациясы. Тіл теориясының мән-мағынасы, негізгі проблемалары, күрделі салалары, ол салалардың басқа ғылымдармен байланысы. Тілдің қоғамдық мәні. Мемлекеттік саясат және тіл. Тілдің негізгі қызметі. Тілдің танымдық және коммуникативтік қызметі.

**Тіл және ойлау.** Тіл және сөйлеу. Тілдің тарихы мен қоғам тарихының байланыстылығы. Тіл дамуының ішкі және сыртқы факторлары. Тілдің шығуы жайлы теориялар. Тілдің даму кезеңдері. Тілдер семьясы, оның түрлері. Тіл біліміндегі структурализм, тілдің функционалдық қызметі.

А.Байтұрсыновтың лингвистикалық мұрасы. Қ.Жұбановтың лингвистикалық мұрасы. К.Ахановтың грамматика теориясының негіздері туралы еңбегі. А.Ысқақов – қазақ тілінің ғылыми морфологиясының негізін салушы ғалым. М.Балақаевтың ғылыми синтаксис жүйесін дамытудағы рөлі, ғылыми мұрасы. А.Қайдаров еңбектеріне талдау. Р.Сыздықова және қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері. Н.Оралбаеваның қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары туралы пікірлері.

**Фонетика.** Дыбыстардың алмасуы (альтернация, себептері мен ерекшеліктері). Қазақ сөзін ұйыстырушы үндесім құбылысы. Үндесім фонологиясындағы тірек дауыстылар. Үндесім фонема және үндесім аллофон. Қазақ тілінің ұзақ дамудың нәтижесінде қалыптасқан заңдылықтары. Сөз соңындағы қос дауыссыздардың тіркесі. Дыбыстық құбылыстар. Протеза. Эпентеза. Элизия. Аферезис. Метатеза. Гаплогия.

Дыбыстардың үндесуі. Дыбыстардың үндесуі–қазақ тілі фонологиясының ең өзекті мәселесі. Дыбыстардың алмасу құбылысы. Комбинаторлық немесе позициялық өзгеріс. Сингармонизм мәнін құраушы тіл және ерін үндестігі. Аккомодация –морфемалар жігінде қатар келген дыбыстардың бейімделіп айтылуы. Ассимиляция–морфемалар жігіндегі көрші дауыссыздардың акустика-артикуляциясы жағынан ұқсас келуі. Диссимиляция– дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің бір түрі.

Интонация. Интонацияның компоненттері. Интонациялық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстардың арасындағы байланыс. Интонацияны зерттеудегі үш түрлі бағыт. Интонеманың фонемаға қарағанда айырмашылығы. Интонеманың синтагмада көрінуі. Интонацияның функциялары.

**Морфонология.** Оның тілдің басқа салаларынан өзгешелігі. Морфонология–фонетика мен морфонологияның жігінде пайда болған тіл білімінің бір саласы. Морфонологиялық құбылысқа сөзжасам мен сөзпішінде пайда болған өзгерістер жатады. Морфонологиялық дыбыс алмасулар, олардың комбинаторлық емес алмасуларға жататындығы. Морфонология бірліктері. Сөз құрылымының ұлғаюы мен ықшамдалуы.

**Лексикология.** Лексикологияның бөлімдері: ономонология, семасиология, фразеология, этимология, лексикография. Семасиологияның лингвистика аясындағы орны. Семасиологияның зерттеу объектісі. Сөз семантикасы. Экспрессивті мағыналар, олардың берілу жолдары. Қазақ лексикографиясы, зерттелуі. Қазақ тіліне қатысты сөздіктер және оның түрлері. Арнаулы лексика. Қазақ тілінің лексикология саласының ғылыми негізін қалаудағы Ғ.Мұсабаевтың атқарған қызметі. Синонимдер, синонимияға қатысты зерттеулер (Ә.Болғанбаев, М.Серғалиев т.б.). Денотаттық мағынаның өзіне тән белгісі. Эмоциялық мағына. Семантикалық үшбұрыш. Бұл жөнінде жалпы тіл біліміндегі түрлі пікірлер. Тілдің актив және пассив лексикасы, олардың стильдік ерекшеліктері.

### **Сөзжасам.**

Сөзжасам - дербес сала. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы. Сөзжасамдық құрылым мен сөзжасамдық үлгі. Сөзжасамдық құрылым (тип). Сөзжасамдық үлгі. Сөзжасамдық мағына. Тілдің сөзжасам жүйесінің бірліктері. Сөзжасамдық уәждеме бірліктері. Сөзжасамдық тәсіл мәселелері. Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі. Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі. Сөзжасамдық мағына тәсілі. Күрделі сөздер, олардың түрлері. Сөзжасамдық ұя. Сөзжасамдық ұяның құрылымы. Сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық саты. Сөзжасамдық жұп. Сөзжасамдық тарам. Зат есім сөзжасамы. Сын есім сөзжасамы, сан есім сөзжасамы, үстеу сөзжасамы. Етістік сөзжасамы.

**Морфология.** Тілдің грамматикалық құрылысы – грамматиканың объектісі екендігі. Сөздің морфологиялық құрылымы. Негізгі грамматикалық ұғымдар. Қазақ тіліндегі сөздерді таптастырудың ұстанымдары (А.Ысқақов, т.б.). *Зат есім*. грамматикалық категориялары. *Сын есім*. Сын есімнің өзіндік мағынасы, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бары.

Сын есімнің мағыналық жағынан үлкен екі топқа бөлінетіндігі: сапалық сын есімдер, қатыстық сын есімдер. Сын есімдердің құрылымына қарай ерекшелігі: жалаң және күрделі түрлері бары. Жалаң сын есімдердің негізгі және туынды түбір сын есім болып бөлінетіні.

Шырай категориясының мағыналық құрамының түрлілігі. Шырай категориясының мағына түрлілігіне морфемдік көрсеткіштердің сәйкестігі. Соған қарай шырайдың бірнеше түрлері бары. Шырай түрлерін топтастыру, жіктеу туралы ғалымдар пікірлері.

*Сан есім.* Сан есім сөздердің өзіндік ерекшеліктері, оның басқа сөз таптарына ұқсамайтын жақтары. Сан есімнің өзіндік грамматикалық категориясының жоқ екені, басқа сөз таптарының грамматикалық категорияларымен түрлену қабілеті.

Сан есімнің синтаксистік қызметі. сан есімнің мағыналық топтары.

*Есімдіктер.* Есімдіктердің мағыналық топтары. Есімдіктің синтаксистік қызметі де оның қай сөз табының орнына қолданылуына байланыстылығы, сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқаратыны.

*Етістік.* Етістіктің сөз таптары ішіндегі ең күрделі сөз табы екендігі. Етістік сөз табының қазақ тіл білімінде зерттелу жайы. Етістіктің лексика-семантикалық жағынан алуан түрлігі, өз ішінде қозғалыс, амалды білдіретін, өсіп-өну, бағыт-бағдар, көру - сес, мінез-құлық, бейнелеу мәнді, көңіл-күй мәнді, қалып етістіктері т.б. болып бөлінуі. Негізгі түбір етістіктер, туынды түбір етістіктер. Дара, күрделі етістіктер. Күрделі етістіктер жүйесі ол туралы қазіргі тіл білімнің жаңа пайымдаулары тең компонент күрделі етістік, құранды етістік, аналитикалық формалы етістік т.б.

Негізгі және көмекші етістіктер. Көмекші етістіктер. Көмекші етістіктердің түрлері. Аналитикалық форманттар, олардың мағыналары, құрылымы, аналитикалық форманттардың етістіктің грамматикалық категорияларына қатыстылығы.

Етістіктің лексика-грамматикалық және грамматикалық категориялары. Салттылық және сабақтылық категориясы. Салт, сабақтылық мәнің етістіктің мағынасына, объект мен субъектіге қатыстылығы.

Етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қарым-қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы екендігі. Етіс түрлері, ол жөніндегі зерттеулер мен оқулықтардағы ой-пікірлер. Өздік етіс, білдіретін грамматикалық қимылға қатысты субъект, оның грамматикалық тұлғасы, жасалуы, жұрнақтары. Ырықсыз етіс, мағынасы, жасалуы, жұрнақтары. Оның басқа тұлғалармен ұқсастығы және айырмашылығы. Өзгелік етіс, оны басқа ұқсас тұлғалардан ажырату. Ортақ етіс, мағынасы, жасалуы, жұрнақтары. Оны басқа ұқсас тұлғалардан ажырату.

Етіс жұрнақтарының бір сөзде қабаттаса қолданылу ерекшелігі.

*Етістіктің болымды-болымсыз категориясы.* Болымды-болымсыздықтың бір грамматикалық категорияның қарама-қарсы екі жағы екендігі, етістіктердің болымды-болымсыздығының берілу жүйесі, болымдылық пен нөлдік тұлғаның сәйкестігі, болымсыздық мағынаның етістікке синтетикалық, аналитикалық жолмен берілетіндігі туралы. Болымды-болымсыз мағынаның қазақ тіліндегі бар етістікке қатыстылығы.

Қимылдың өту сипаты етістіктің дербес лексика-грамматикалық категориясы екендігі, оның ғылымда танылуы мен зерттелуі, семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері мен берілу тәсілдері.

Есімше, көсемше, тұйық етістік (қимыл есімі, қимыл атауы) тұлғаларының етістіктің грамматикалық категориялары ішіндегі орны.

Есімше, оның түрлері, мағынасы, жасалуы. Есімшенің екі жақты қызмет атқаруы. Есімшенің түрленуі: көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуі. Есімшенің сөйлемде атқаратын қызметі. Көсемше. Көсемшенің мағынасы, жасалуы. Көсемшенің әрі қимылды, әрі қимылдың амалын білдіретін қызметі туралы. Көсемше формаларының күрделі етістік, аналитикалық формалы етістік құрамындағы қолданысы, орны. Көсемшенің жіктелуі, сөйлемде атқаратын қызметі. Тұйық етістік. Тұйық етістіктің іс-әрекеттің өту, істелу процесін емес,

атауын білдіретіндігі, қимыл атауы, қимыл есім атаулары жайлы. Тұйық етістіктің көптелуі, септелуі, тәуелденуі, сөйлемдегі синтаксистік қызметі.

Модальдық категория, модальдылық жөніндегі көзқарастар, пікірлер.

*Рай категориясы.* Рай - мазмұн жағынан да, форма жағынан да бай грамматикалық категория.

Рай түрлері: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай. Ашық райдағы іс-әрекеттің шақтық ұғыммен байланыстылығы.

Бұйрық рай, оның білдіретін мағыналары I, II және III жақтағы мағыналардың бұйыру мәніне қатыстылығы. Бұйрық райдың синтетикалық және аналитикалық формалары. Бұйрық рай формаларындағы етістіктің жіктелу ерекшеліктері. Бұйрық райдың жақ тұлғасы, етістіктің түбір тұлғасы, нөлдік тұлға ұғымдарының бір-бірімен ара қатынасы туралы қазақ тіл біліміндегі зерттеушілердің ой-пікірлері.

Шартты рай, білдіретін мағыналары, жасалу (синтетикалық, аналитикалық) көрсеткіштері. Жіктеу ерекшелігі, -са, -се жұрнағының қосалқы қызметтері және одан туындайтын модальдік мәндер.

Қалау рай, білдіретін мағынасы, қалау мағынасының түрлері және олардың берілу жолдары. Қалау райдың синтетикалық және аналитикалық формалары.

*Шақ категориясы.* Шақ категориясы етістікті өзге сөз таптарынан ерекшелендіретін негізгі грамматикалық категория екендігі. Шақ түрлері: осы шақ, келер шақ, өткен шақ. Шақ түрлері және оның атаулары жөніндегі қазақ тіл біліміндегі ғалымдар пікірі. Осы шақ, оның мағынасы, сол мағынаны білдіретін амал-тәсілдер. Осы шақтың түрлері. Осы шақтағы етістіктің болымды-болымсыз формада қолданылуы. Өткен шақ, оның сөз ішінде бөлінуі, өткен шақтың түрлері, олардың берілу жолдары. Келер шақ, оның түрлері, жасалуы.

Етістіктің жіктелуі. Етістіктің жақ категориясы.

Етістіктің сөйлемдегі синтаксистік қызметі.

*Үстеу.* Үстеу - сөз табының бірі, оның семантикалық сипаты. Үстеу сөздердің мағынасына қарай мезгіл, мекен, мөлшер, сын-бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері болып бөлінетіндігі.

*Еліктеу сөздер.* Еліктеу сөздердің лексикалық және тұлғалық жағынан өзгеше сөз табы екендігі. Еліктеу сөздердің қатары айналадағы түрлі-түрлі дыбыстарға еліктеуден қимыл-әрекеттерді, қилы-қилы көріністерін бейнелеуден туатын сөздер тобы екендігі.

Еліктеу сөздердің түрленбейтіндігі. Еліктеу сөздердің іштей еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерге бөлінетіндігі. Олардың сипаттамасы, қатары, құрамы, еліктеуіш сөздердің сөйлемдегі қызметі. Олардың сөздермен тіркесу қабілеті туралы.

Еліктеу сөздердің фонетика-морфологиялық сипаты. Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамының буын жігінің, айтылу ырғағының қалыптасқан, әрі орнықты, әрі жүйелі заңдылықтарының бар екендігі. Еліктеу сөздердің құрылысына қарай дара және күрделі болып келетіндігі. Дара еліктеу сөздердің негізгі және туынды болып бөлінетіндігі. Негізгі еліктеу сөздерге есту, көру арқылы қабылданған табиғат құбылыстары, көрініс бейнелерінің атауларының жататындығы, туынды еліктеу сөздерге жалпы сипаттама. Күрделі еліктеу сөздер.

*Шылаулар.* Шылаулардың басқа сөз таптарынан ерекшелігі. Шылау сөздер әуелгі дербестігінен айырылған көмекші сөздер ретінде қызмет атқаратыны. Шылаулардың дәнекерлік қызметінің және атаушы сөздермен тіркесу қабілетінің олардың қалыптасқан грамматикалық мағыналарының сипаттарына қарай жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер болып бөлінетіндігі.

*Одағай.* Одағай лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның әртүрлі көңіл-күйіне байланысты ишараттар және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін, окшау қолданылатын сөздер тобы екендігі. Одағайлардың зерттелуі. Одағайлардың түрлері: негізгі одағайлар, туынды одағайлар. Одағайлардың мағынасына қарай бөлінулері: көңіл-күй, ишарат одағайлары. Одағайлардың сөйлемде лепті, сұраулы сөйлемдердің құрамында келетіндігі. Екі түрлі жағдайда ғана сөйлем мүшесі бола алатындығы: 1) Көмекші етістіктермен тіркесіп, күрделі мүшенің құрамында келгенде; 2) Түрлі қосымшаларды қабылдау арқылы заттанып барып, әртүрлі сөйлем мүшесі бола алады.

**Синтаксис.** Синтаксистік терминінің білдіретін мағынасы. Синтаксистік жүйе. Синтаксистік форма. Сөздің синтаксистік мағынасы және синтаксистік қатынас. Синтаксистік байланыс және сөз тіркесі. Синтаксистік байланыс—синтаксистік құрылымның барлығына ортақ құбылыс. Сөздердің синтаксистік байланысының тәсілдері. Сөз тіркесі және олардың түрлері. Сөз тіркесіндегі шешуші сөз табы. Синтаксистік қатынастар және олардың түрлері.

Сөз тіркесінің құрамдық белгілері. Сөйлемнің сөз тіркесінен ажырамайтын белгісі. Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық ұғымдардың бірлігі, арақатысы. Грамматикалық мағынаның берілу түрлері мен тәсілдері. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Синтаксистік құрылымды жүйелеудің негіздері. Синтаксистік байланыс: түрлері, тәсілдері, формалары.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының аналитикалық сипаты туралы теория. Бұл жөнінде ғылыми зерттеу еңбектер. Қазақ тілінің грамматика ілімінің қалыптасу кезеңдері, негізгі бағыттары. Қазақ тіл білімінде грамматика теориясына қатысты мәселелердің зерттелуі жайында ғалымдар еңбектері. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты (С.Исаев т.б.). Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тілі грамматикасының нұсқалары.

Сөйлем – тілдің негізгі коммуникативтік және құрылымдық-синтаксистік бірлігі екендігі. Сөйлем және байымдау, сөйлем және сөйлеу. Сөйлемнің (актуальды) коммуникативтік мүшеленуі жайлы түсінік. Сөйлем мүшелері және сөз таптары. Сөйлемдердің айтылу мақсаты мен құрылымына қарай түрлері. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем. Жай сөйлем синтаксисінің қазақ тіл білімінде зерттелуі. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлері. Көп құрамды құрмаластар, олардың түрлері, жасалу жолдары. Салалас құрмалас сөйлемдер. Мағыналық түрлері. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Мағыналық түрлері. С.Аманжоловтың құрмалас сөйлем мәселелері жайындағы пікірлер. С.Аманжоловтың «Қазақ әдеби тіл синтаксисінің қысқаша курсы» атты ғылыми зерттеу жұмысының қазақ тілі синтаксисіндегі маңызы.

Жай сөйлем -синтаксистің негізгі нысанасы. Сөйлемнің негізгі қызметтері. Сөйлемнің өзіне тән белгілері. Сөйлемнің құрамына, формасына және мазмұнына қарай бөлінісі. Атаулы сөйлемдердің бастауыш-баяндауыштық қатынастан тұрмайтындығы, бірақ зат есімді не есімді тіркестерді атау арқылы білдіретін, айырықша интонациямен айтылатын бір құрамды сөйлем екендігі.

Күрделенген жай сөйлемдер және оның түрлері. Айқындауышты сөйлемдер. Қыстырма сөйлемдер. Қыстырынды құрылымдар. Көсемше оралымды сөйлемдер. Есімше оралымды сөйлемдер. Қаратпалы оралымды сөйлемдер.

Құрмалас сөйлем және оның өзіндік белгілері. Құрмалас сөйлемдер екі және одан да көп предикативтік бірлікке ие. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен айырмашылық белгілері. Құрмалас сөйлем компоненттерінің байланыс түрлері. Құрмалас сөйлемдердің екі компонентті және көп компонентті түрі. Салалас құрмалас сөйлемдердің басты белгілері. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің басты белгілері. Салаластың құрылымдық түрлері. Іргелес салаластағы сөйлемдерді байланыстырушы анафористік сөздер. Сабақтастың құрылымдық түрлері. Аралас құрмалас сөйлемнің ерікті және тұрақты құрылымы. Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерге тән басты ерекшелік.

Күрделі синтаксистік тұтастық. Күрделі синтаксистік тұтастықтың басты белгілері. Күрделі синтаксистік тұтастықты құрастырушы сөйлемдердің байланысу түрлері. Паралель байланысты күрделі синтаксистік тұтастық. Тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық. Күрделі синтаксистік тұтастық және абзац. Абзацтың күрделі синтаксистік тұтастықтан айырмашылығы.

### Әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., 1992.
2. С.Аманжолов. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А., 1994.
3. Е.Ағманов. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. А., 1986.
4. К.Аханов. Грамматика теориясының негіздері. А., 1996.
5. Р.Әміров. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1983.
6. З.Базарбаева. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. А., 1996.
7. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі/ Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. А., 1992.
8. А.Айғабылов. Қазақ тілінің морфонологиясы. А., 1995.
9. Б.Сағындықұлы. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994.
10. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.
11. А.Джунисбеков. Сингармонизм в казахском языке. А., 1980.
12. Қ.Есенов. Құрмалас сөйлем синтаксисі. А., 1995.
13. Қ.Жұбанов. Қазақ тілінің жоғарғы курсы. А., 1999.
14. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010.
15. С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998.
16. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. А., 2002.
17. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1989.



18. Т.Қордабаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 1991.
19. Т.Қордабаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. А., 1995
20. С.Мырзабеков. Қазақ тілінің фонетикасы. А., 1993.
21. Т.Сайрамбаев. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. А., 1991.
22. М.Серғалиев, Б.Мүсірепова. Күрделі синтаксистік тұтастық. А., 1989.
23. Ж.Шакенов. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. А., 1991.
24. Б.Шалабай. Қатысым синтаксисі. А., 1998.
25. Н.Оралбай. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. А., 2007.
26. Ф.Оразбаева, Ж.Балтабаева т.б. Қазақ тілі. А., 2012.